

1. Механиканың негізгі есебі дегеніміз не?

- a) Траекторияның кез келген нүктесіндегі дененің жылдамдығын анықтау
- b) Дененің жерге қатысты орнын анықтау
- c) Қозғалыс бағытын анықтау
- d) Кез келген уақыт кезеңіндегі дененің жылдамдығын анықтау
- e) Дененің үдеуін анықтау

Жауабы: d)

2. Траектория дегеніміз...

- a) Дене қозғалып бара жатқан сызық
- b) Қозғалыстағы дене
- c) Дене қозғалып бара жатқан сызық ұзындығы
- d) Дененің басқа денелермен салыстырғандағы орнының өзгеруі
- e) Қозғалыстың бастапқы және соңғы нүктелерін қосатын түзу сызық

Жауабы: a)

3. Дене материалдық нүкте мына жағдайларда бола алады:

1. Ұшақ Астанадан Москваға ұшып келді. 2. Ұшақ «өлі тұзақ» сызып жатыр. 3. Коньки тебуші мәре сызығын кесіп өтті

- a) 1,2
- b) 2
- c) 3
- d) 1
- e) 2,3

Жауабы: d)

4. Дене материалдық нүкте бола алады:

- a) Трактордың топыраққа түсіретін қысымын есептегенде
- b) Зымыранның биіктігін анықтағанда
- c) Ұшақтың әуежайға қону кезінде
- d) Өлшеуіш цилиндрді қолданып, болат шардың көлемін анықтағанда
- e) Жердегі ұшуды басқару орталығынан ғарыш кемесінің қозғалысын бақылағанда

Жауабы: e)

5. Келтірілген мысалдардың қайсысында дененің қозғалысы материалдық нүктенің қозғалысы деп қарастыруға болмайды?

- a) Күнді айнала қозғалатын Жердің қозғалысы
- b) Жерді айнала қозғалатын спутниктің қозғалысы
- c) Алматыдан Мәскеуге қарай ұшқан ұшақтың қозғалысы
- d) Станокта бөлшектердің өңделу барысындағы қозғалысы
- e) Жермен салыстырғандағы жұлдыздардың қозғалысы

Жауабы: d)